

Тауарларды қайта экспорттаудың тәртібін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 ж. 20 шілде N 1003

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылы 10 қарашада бекіткен 1994 жылғы 15 сәуірдегі "Тауарларды қайта экспорттау және қайта экспорттауға рұқсат беру тәртібі туралы келісімге" (бұдан әрі-Келісім) сәйкес Қазақстан Республикасының
Үкіметі Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Тауарларды қайта экспорттау тәртібі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетімен бірлесіп Тауарларды қайта экспорттаудың белгіленген тәртібінің қатаң сақталуын
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Кіріспе және 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.01.17. N 82 қаулысымен.

2-1. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі бір ай мерзімде Келісімге қатысушылармен тиісінше ресімделген жазбаша рұқсат болған кезінде қайта экспорттау жүзеге асырылуы мүмкін тауарлардың тізімдерін, сондай-ақ тауарлардың шыққан елдерінің уәкілетті ведомстволары рұқсаттарының, лауазымды тұлғалары қолдарының және мөрлерінің үлгілерін алмассын.

ЕСКЕРТУ. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.01.17. N 82 қаулысымен.

Премьер-министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1995 жылғы 20 шілдедегі

N 1003 қаулысына

қосымша

Тауарларды қайта экспорттаудың

ТӘРТІБІ

Жалпы ереже

1994 жылдың 15 сәуірдегі "Тауарларды қайта экспорттау және қайта экспорттауға рұқсат берудің тәртібі туралы келісімге" сәйкес тауарларды қайта экспорттаудың осы Тәртібі Қазақстан Республикасы және Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығы, аталған

Келісімге қатысушылар тарифтік және тарифтік емес реттеу шараларын қолданатын және оларды өзінің кеден аумағынан шығару кезінде сыртқы экономикалық жеңілдіктер беру қайта экспортталатын тауарларға ғана қолданылады.

Қайта экспорттау ретінде 1994 жылдың 15 сәуірдегі "тауарларды қайта экспорттау және қайта экспорттауға рұқсат берудің тәртібі туралы келісімге" еңбеген елге енгізу үшін тараптардың біреуінің кеден аумағы шегінен екінші тараптың тауар шығаруы т ү с і н і л е д і .

Осы тәртіп экспортталуы ерекше тәртіппен жүзеге асырылатын арнайы тауарлардың /қару жарак, есірткілер, дәрі-дәрмек препараттары, қымбат металдар мен асыл тастар және т.б./ қайта экспортталуына қолданылмайды.

Басқа тауарлардың қайта экспортталуы халықаралық саудада жалпы қабылданған ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

1. Қазақстан Республикасының кеден аумағынан шығарылатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кеден аумағынан қайта экспортталуға рұқсат беру тәртібі

1.1. Қазақстан Республикасының кеден аумағынан шығарылатын және 1994 жылғы 15 сәуірдегі "Тауарларды қайта экспорттау және қайта экспорттауға рұқсат берудің тәртібі туралы Келісімнің" қолданылуына жататын /бұдан әрі Қазақстан тауарларының/ тауарлардың тәуелсіз мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің /бұдан әрі-қайта экспорттаушы мемлекеттердің/ кеден аумағынан қайта экспорттау 1994 жылдың 15 сәуіріндегі - "Тауарларды қайта экспорттау және қайта экспорттауға рұқсат берудің тәртібі туралы Келісіміне" және осы тәртіпке сәйкес әзірленіп, олар белгілеген т ә р т і п п е н жү р г і з і л е д і .

1.2. Қайта экспорттаушы мемлекеттің өкілетті органына Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі ұсынып, тізімдерде көрсетілген Қазақстан тауарларының қайта экспортталуын Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі беріп, тиісінше ресімделген жазбаша рұқсат қағазы болса ғана; қайта экспорттаушы мемлекеттің шаруашылық қызметінің субъектісі жүзеге асыра алады.

ЕСКЕРТУ. 1-2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.01.17. N 82қаулысымен.

1.3. Қайта экспорттаушы мемлекеттің шаруашылық қызметі субъектісінің жазбаша мәлімдемесі /бұдан әрі-Мәлімдеме/ негізінде Қазақстан тауарларының қайта экспортталуына жазбаша рұқсат /бұдан әрі-Рұқсат/ беруді Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі іске асырады.

Қайта экспорттаушы Мемлекеттің шаруашылық қызметі субъектісінің Қазақстан тауарларын сатып алуға контрактының және қайта экспорттау келісімі елеулі шарттарының /жіберілетін елі, қайта экспортталатын Қазақстан тауарларының саны,

бағасы және сапасы, жіберілімнің негіздемесі, тауарларды тізбелеудің және кодтаудың, үйлестірілген жүйесінің коды/ көшірмелерін тапсыруы рұқсат берудің міндетті шарты болып табылады. Сонымен қатар, қайта экспорттаушы мемлекеттің шаруашылық қызметінің субъектісі қайта экспорттаушы мемлекеттің корреспондент-банкiнiң жеке есепшотынан Қазақстан тауарларын толық көлемде сатып алуға контракт бойынша Қазақстан тауарларына төлеуге қаражат аудару іске асырылғаны туралы үзінді алып, к ө р с е т у г е м і н д е т т і .

Қайта экспорттаушы мемлекеттің шаруашылық қызметінің субъектісінде Қазақстан тауарларын қайта экспорттауға контрактының болуы рұқсат алуға сөзсіз орындалатын негіз болып табылмайды.

Берілген рұқсаттарды басқа заңды тұлғаларға беруге болмайды.

Қайта экспорттаушы мемлекеттің шаруашылық қызметінің субъектісіне рұқсат берілгені және ресімделгені үшін ақы алынады.

ЕСКЕРТУ. 1-3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.01.17. N 82қаулысымен.

1.4. Өтініштер мен рұқсат қағаздар Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі бекіткен Қайта экспорттауға рұқсат беру туралы Нұсқаулыққа сәйкес үлгі бланктерде ресімделеді.

Өтініштерде келтірілген деректердің растығы үшін қайта экспорттаушы мемлекеттің шаруашылық қызметінің субъектісі жауап береді.

1.5. Тауарларды қайта экспорттау контрактысына енгізілген тауарлардың санына қарамастан, рұқсат тауардың бір түріне ресімделеді.

Қазақстан тауарын қайта экспорттау рұқсатта көрсетілген мерзім де жүргізіледі. Шаруашылық қызметі субъектісінің дәйектелген өтініші бойынша /өтініш берушінің/ рұқсаттың мерзімі ұзартылуы мүмкін. Рұқсаттама күшінің мерзімі ұзартылуы жазбаша түрде расталады.

1.6. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің мекен-жайына жазбаша түрде жіберілген қайта экспорттаушы мемлекеттің шаруашылық қызметінің субъектісі /өтініш берушінің/ өтініші бойынша бұрын берілген рұқсаттың күші жойылуы мүмкін.

Бұрын берілген рұқсаттың күші жойылғанын растауды шаруашылық қызметі субъектісінің, қайта экспорттаушы мемлекеттің өкілетті ведомствосының мекен-жайын Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі жібереді.

Аталған жағдайда шаруашылық қызметінің субъектісіне өтініш берушіге рұқсат берілгені және ресімделгені үшін алынған ақы қайтарылмайды.

ЕСКЕРТУ. 1-6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.01.17. N 82қаулысымен.

1.7. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі өтініш алынған күннен кейін он күннің ішінде оны қарап, қабылданған шешім туралы шаруашылық қызметінің мүдделі субъектісі мен қайта экспорттаушының өкілетті ведомствосына хабарлайды.

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі қайта экспорттаушы мемлекеттің шаруашылық қызметі субъектісінен оның мынадай айырмадағы, бірақ жартысынан аспайтын бөлігін өтеуін талап етуге құқылы:

- Қазақстан тауарын қайта экспорттау жөнінде мәміленің бағасы мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден аумағынан шығару жөніндегі мәміленің бағасындағы.

Мәміленің валютадағы немесе АҚШ долларындағы жоғарыда аталған айырмасы, сондай-ақ қайта экспорттау шарттарының бұзылғаны үшін айып сомалары Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінің кірісіне Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі көрсеткен есепшотқа аударылады.

Қайта экспорттаушы мемлекеттің шаруашылық қызметі мүдделі субъектісінің Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің қайта экспорттау шарттарымен келіскен жағдайда, Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тауарды шығару жөніндегі мәміленің бағасы мен Қазақстан тауарын экспортқа шығару жөніндегі мәміленің бағасы арасындағы айырма және Рұқсат берілгені үшін белгіленген алымды шаруашылық қызмет субъектісінің /өтініш берушінің/ төлегені туралы Қазақстан Республикасының тиісті банкі куәландырған төлем тапсырмасының көшірмелерін ол алғаннан кейін екі апта мерзімде оған тиісінше ресімделген Рұқсат беріледі.

ЕСКЕРТУ. 1-7-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.01.17. N 82қаулысымен.

1.8. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі оң шешім қабылданған жағдайда қайта экспорттаушы мемлекеттің өкілетті ведомствосына қайта экспорттаушы мемлекеттің шаруашылық қызметі субъектісінің дәйектелінген өтінішінде жарияланған мәміле шарттарының мәміленің елеулі шарттарына нақты сәйкес келуін ресми хабарлап, қайта экспорттау контрактысының орындалуына бақылау жасау туралы өтініш жасауға құқылы.

1.9. Рұқсат беруден бас тартуға мыналар негіз бола алады:

- дұрыс ресімделмеген өтініш;
- мәміле туралы мүлде расталмаған деректердің берілуі;
- Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделеріне зиян тигізетін жауапсыз сауда тәжірибесінің баға төмендету және басқа элементтерін қолдану;
- олардың кеден аумақтарына тиісті тауарлардың енгізілуіне үшінші елдердің тарапынан шектеулердің орын алуы;
- қайта экспорттаушы мемлекеттің шаруашылық қызметі субъектісінің Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің қайта экспорттау шарттарымен келіспеуі;
- Қазақстан Республикасының банктеріне Төлемдер тәртібінің 1.3. және 1.7. тармақтарында көрсетілген төлемдердің түспеуі;
- Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі беріп,

бұрын алынған рұқсат бойынша шарттарды қайта экспорттаушы мемлекеттің шаруашылық қызметі субъектісінің орындамауы.

1.10. Қайта экспорттаушы мемлекеттің шаруашылық қызметі субъектісінің дәйектелген өтінішінде жарияланған мәміленің елеулі шарттарына нақты елеулі шарттарының сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының экономикалық мүдделеріне зиян тигізбесе, Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі берілген Рұқсатты тоқтатуға немесе күшін жоюға, сондай-ақ қайта экспорттаушы мемлекеттің өкілетті ведомствосына шаруашылық қызметінің тиісті субъектісіне қатысты қажетті шаралар қабылдау туралы өтініш беруге құқылы.

Егер жоғарыда аталған сәйкессіздік Қазақстан Республикасының немесе Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдері бойынша міндеттемелерінен туындайтын экономикалық мүдделеріне зиянын тигізген жағдайда, Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі берілген рұқсатты тоқтатуға немесе күшін жоюға және Қазақстан Республикасының Үкіметіне шаруашылық қызметінің субъектісі аталған тәртіп бұзушылыққа жол берген қайта экспорттаушы мемлекетке айып шарасын қолдану туралы ұсыныс жасауға құқылы.

1.11. Егер рұқсатсыз Қазақстан тауарларын қайта экспорттау, соның ішінде, егер рұқсатсыз қайта экспорттаудың көлемі Қазақстан Республикасына экономикалық зиянын тигізген жағдайда, Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі 1994 жылдың 15 сәуіріндегі Тауарларды қайта экспорттау және қайта экспорттауға рұқсат берудің тәртібі туралы келісімді бұзып, рұқсатсыз қайта экспорттауға шаруашылық қызмет субъектісі жол берген қайта экспорттаушы мемлекетке айып шараларын қолдану туралы ұсыныстарын әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметіне жібереді.

1.12. Өнеркәсіп және сауда министрлігі берілген рұқсаттардың мәліметтер банкін жүргізуді іске асырады. Берілген рұқсаттамалардың мәліметтер банкін жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі әзірлейді.

2. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кеден аумағынан шыққан тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағында қайта экспорттау тәртібі

2.1. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің кеден аумағынан шыққан тауарлардың Қазақстан Республикасының кеден аумағында қайта экспортталуы тауар шығарылған елдің өкілетті органы 1-тармақта көрсетілген тәртіпке сай қайта экспорттауға берген рұқсат бойынша жүзеге асырылады.

2.1.-1. Тауарлардың Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің кедендік аумағынан Кеден одағының қатысушысы болып табылмайтын мемлекеттің кедендік аумағына

Қазақстан Республикасының кеден аумағы арқылы қайта экспорты тауардың шыққан елінің уәкілетті ведомствосы берген, тиісінше ресімделген жазбаша рұқсаты болған кезінде жүзеге асырылады.

ЕСКЕРТУ. 2.1.-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.01.17. N 82 қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ